Шардара қаласы

«Шардара» мектеп - лицейі

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің 4-отырысының хаттамасы

Шардара қаласы 05 .01.2026ж

Өткізілген орны: Мектептің мәжіліс залы

Қатысқандар:Л.Ө.Құлмаханбет,Э.О.Кулиева,Қ.Нуржанова,Р.Кеңес, А.Арын.Б.Исабекова,Г.Тұрсымбетова.Д.Дүйсебаева,Э.Үмбетова,С.Жексенба ева,А.Базарбаева,М.Сатылганова,УсенбаеваД..У.Жора. И.Досыбаева.С.Шындалиева

Күн тәртібінде:

1. Бірінші жартыжылдық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына мониторинг жасау;
2. Диагностика нәтижелері бойынша жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер енгізу;
3. Екінші жартыжылдыққа жеке оқу бағдарламаларын бекіту;
4. Екінші жартыжылдыққа жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларын бекіту;

Тыңдалды:

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жоспарлы отырысын директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары ашып, бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға қатысты жүргізілген жалпы мониторинг нәтижелерін ұсынды. Ол мониторингтің жеке дамыту, түзете-дамыту және жеке оқу бағдарламалары шеңберінде жүргізілгенін атап өтті. ДОІЖ орынбасары педагогтер тарапынан ұсынылған ақпараттар негізінде бірінші жартыжылдықта ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға көрсетілген психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарының ұйымдастырылуына қысқаша сипаттама берді. Оқу процесінде анықталған негізгі қиындықтар мен педагогтердің ортақ ұсыныстары жинақталып, олар ППҚҚ қызметінің келесі кезеңдегі жұмыс бағыттарын айқындауға негіз болғаны көрсетілді.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектептің арнайы педагогы бірінші жартыжылдық бойынша ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың даму динамикасына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы ақпарат берді. Мониторинг түзете-дамыту және жеке дамыту

Scanned with CamScanner

бағдарламаларында белгіленген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу деңгейін анықтау мақсатында жүргізілгені айтылды. Бағалау 0–3 балдық жүйе бойынша жүзеге асырылғаны көрсетілді. Әр білім алушының жеке даму бағыттары (сенсорлық процестер, қимыл-қозғалыс, зерде аясы, оқу, жазу, санау, танымдық әрекет, эмоциялық-еріктік сала, кеңістікте бағдарлау) бойынша даму динамикасы талданғаны атап өтілді.

Мониторинг нәтижелері бойынша білім алушылардың басым бөлігінде даму көрсеткіштерінің оң динамикасы анықталғаны атап өтілді. Сенсорлық даму, қимыл-қозғалыс және зерде аясы бағыттарында ілгерілеу байқалғаны, ал оқу, жазу, санау және танымдық әрекет бағыттарында ішінара жетістіктер тіркелгені көрсетілді. Жалпы қорытынды бойынша 6 білім алушының 4-еуінде даму динамикасы 51–75%, 2 білім алушыда 76–100% деңгейінде бағаланғаны айтылды. Мақсаттарға қол жеткізілмеген жағдайлардың анықталмағаны көрсетілді.

Екінші мәселе бойынша арнайы педагог жүргізілген диагностика нәтижелеріне сүйене отырып, жекелеген білім алушылардың жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау қажеттілігі туралы баяндады. Диагностика қорытындылары бойынша 1 «Г»-сыныптың білім алушысы Абдугофир Алтынбек ГКП на ПХВ "Областной центр психического здоровья" УОЗ ТО ВКК негізінде және №4 Психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру» қортындысы негізінде үйде оқуға ауысты.

Үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары екінші жартыжылдыққа арналған ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың жеке оқу бағдарламаларын бекіту мәселесі бойынша сөз сөйледі.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары жеке оқу бағдарламаларының бірінші жартыжылдықта жүргізілген мониторинг пен диагностика нәтижелеріне, арнайы педагог қорытындыларына, пән мұғалімдерінің ұсыныстарына, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұсынымдарына сәйкес әзірленгенін атап өтті. Бағдарламаларда білім алушылардың оқу мүмкіндіктері мен жеке даму ерекшеліктері ескеріліп, оқу мақсаттары нақтыланғаны көрсетілді.

Жеке оқу бағдарламаларының мазмұны білім алушылардың актуалды даму деңгейін ескере отырып, зияты жеңіл түрде зақымдалған балаларға арналған үлгілік оқу бағдарламалары негізінде құрылғаны және оларды екінші жартыжылдықта іске асыруға дайын екені айтылды.

Төртінші мәселе бойынша арнайы педагог сөз алып, екінші жартыжылдыққа арналған жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларының мониторинг пен диагностика нәтижелеріне сүйене отырып әзірленгенін хабарлады. Бағдарламаларда білім алушылардың жеке даму ерекшеліктері ескеріліп, жұмыс жеке және кіші топтық форматта ұйымдастырылатыны, орындалу барысы жүйелі мониторинг арқылы қадағаланатыны атап өтілді.

Scanned with CamScanner

Ұсыныс:

1. Диагностика нәтижелерін ескере отырып, жекелеген білім алушылардың жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер енгізу;
2. Екінші жартыжылдыққа арналған жеке оқу бағдарламаларын бекіту;
3. Екінші жартыжылдыққа арналған жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларын бекіту.

Шешім:

1. Диагностика нәтижелеріне сәйкес жекелеген білім алушылардың жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламаларына өзгерістер енгізілсін;
2. Екінші жартыжылдыққа арналған жеке оқу бағдарламалары бекітілсін;
3. Екінші жартыжылдыққа арналған жеке дамыту және түзете-дамыту бағдарламалары бекітілсін.

ПТҚК төрайымы: Э.О.Кулиева

Хатшы: Қ.Нуржанова